



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

Подсекция 3.4 География и гидрология

УДК 556.5

ҚОЛДАНБАЛЫ ТОПОНИМИКАНЫҢ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ БАҒЫТЫН ДАМУ МӘСЕЛелері (Ақтөбе облысы мысалында)

Абдуллина А.Г.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Физикалық және экономикалық география кафедрасының
докторанты
Ғылыми жетекшісі – Сапаров Қ.Т

Географияның топонимика бағыты өзінің ішкі заңдылықтарымен дами отырып, бірнеше ғылымдардың тоғысында пайда болған ғылым, міндетті түрде қолданбалы бағытымен ерекшеленеді.

Топонимиканың географиялық бағыттағы қолданбалы мәселелеріне:

- алдын-ала зерттеу кезеңінде минералды-шикізаттық ресурстарды топонимикалық болжау;

- табиғат пен қоғамның экологиялық-топонимикалық мәселелері;

- қолайсыз геоморфологиялық және гидрологиялық үрдістерді болжау;

- топонимикалық картографиялау жатады.

Оларды зерттеу географиялық қабықтың табиғатын тануда күрделі үрдісін түсінуге және бұл мәліметтерді халық шаруашылық міндеттерді шешуге көмектеседі.

Қолданбалы топонимиканың географиялық мәселелерін зерттей отырып, М.М. Голубчик, С.П. Евдокимова, Г.Н. Максимова, А.М. Носонова, Х.Л. Ханмагомедовтің көзқарастарына сүйендік. Олар өз кезегінде ағылшын географы Питер Хаггеттің ойларын жетекшілікке алып, жаратылыстану мен қоғамдық ғылымдардың түйісінде орналасқан география қалыптасқан түсініктерден бас тартуды және адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасына, олардың кеңістіктік қарым-қатынастарына, сонымен бірге аймақтық құрылымдарға көңіл аударуды талап ететінін жазады. «География – табиғи орта мен адамның өмір сүру жағдайы және игілігінің аймақтық айырмашылықтарын зерттейтін ғылым [1, 125 б.].

Географиялық атауларды жан-жақты зерделейтін топонимика ғылымы өзінің алдына қойған мақсаттарының ерекшелігіне байланысты география, тіл және тарихпен тығыз байланысты. Топонимикалық зерттеулер өте күрделі, көбінесе география, тарих, лингвистика, ал кейде археологиялық салалардағы білімдерді қажет етеді. Көптеген топонимдер жергілікті геологиялық құрылым, тау жыныстардың құрамы, пайдалы қазбалардың және т.б. өзіндік белгісі болып та табылады. Сондықтан, осындай терминдерді тұжырымдау үшін геологияны білу керек, геологиямен тығыз байланысы бар қазақтың географиялық атауларынан көптеген географиялық ақпарлар алуға болады.

Кең жазиралы өлкеде ғасырлар бойы қазақ халқы өзін қоршаған ортаны түсінудің қазақ тілінде жүйесін құрған. Бұл жүйеде бедер морфологиясының, гидрография, топырақ және өсімдік жамылғысы, жануарлар әлемінің, көбінесе тау жыныстардың құрылымы мен пайдалы қазбалар түрлерінің ерекшеліктері бейнеленген [2, 25 б.].

«Қолданбалы топонимика» түсінігі және оның ғылымдағы жаңа бағыт ретінде дамуы Кеңес Одағы тұсынан 1965 ж. бастау алды. Ол топонимикалық мәліметтерді пайдалы қазбаларды зерттеуде, геологиялық барлау жұмыстарында пайдалану туралы мақалалардан көрініс таба бастады. Кейін бұл тақырыптағы кейбір мәселелер М.А. Бубнованың, Ф.С. Салихов, Д.Айтматованың, Х.Л. Ханмагомедовтың т.б. еңбектерінде қарастырылды.

Топонимиканың минералды-шикізат базасын болжау және анықтау бағыты.

Ақтөбе облысы аумағы минералды-шикізат ресурстарына бай өлке деуге болады. Пайдалы қазбалардың негізгі түрлеріне - мұнай, хром, қоңыр көмір, никель, мыс рудасы, алтын, фосфориттер, құм-қиыршық тастары, гипс жатады. Облыс аумағындағы мыс

рудаларының игерілуі ерте кездерден басталғанын археологиялық деректер растап отыр. Оның айғағы жергілікті топонимдерден аңғаруға болады. Ежелгі мыс кен орындары қатарында *Кеңқияқ, Мысқазған* атаулары бар [3].

Атақты ғалым академик Қ.И. Сәтбаев пайдалы қазбалардың кен орындарын іздестіруде топонимдерді сенімді белгілердің бірі есебінде кездейсоқ енгізген жоқ. Топонимдерде аумақтарды қоныстанудың тарихи кезеңдері, адамдардың шаруашылық іс-қимылдары, байырғы көші-қондар мен ұлтаралық қарым-қатынастар, этностардың ареалдары, елдегі көп ғасырлар бойы болған тарихи, саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер көрсетілген. Ежелден металл өндіру мен өңдеу аймағы ретінде сипаттайтын «*шұқыр*» терминімен жасалған *Мыңишұқыр, Шұқыр, Шұқыртау, Шұқыроба* атаулары хромит кен орындарының аудандарына сәйкес келеді. Пайдалы қазбаларды өндіруге немесе өңдеуге тікелей қатысы бар атаулар қатарына “бақыр” сөзімен байланысты *Бақыртау, Бақырбасқан* сияқты топонимдерді де жатқызуға болады. Қазақтар мыс кеніне қатысты “бақыр” сөзін жиі қолданған, сол себепті бұл атаулар мыспен байланысты болуы да мүмкін. Сондай-ақ аумақта “бор” (әктас, әк) сөзімен байланысты *Борлы, Борсай, Бортам* сияқты кен орындары атаулары анықталды [4, 134 б.].

Мұнай кен орындары облыстың Мұғалжар, Темір және Байғанин аудандарында кездесетіні белгілі. Темір ауданындағы Жақсымай (Темір ауданы) топонимі мұнай кен орнының бар екендігін ежелден аңғартқан. Мурзаев Э. М. зерттеулері бойынша май – сөзбе сөз «май» (түрк.) түсінігін береді. Топонимикада мұндай термин мұнайдың жер бетіне шығуын немесе оның белгілерін көрсету үшін пайдаланылады. Ежелгі түркі тілінде май «қасиетті», «қорғаушы» мағынасында айтылады [5, 221б.]. Бұл жерде *май* термині мұнай кенінің мағынасында қолданылған. Атаулар құрамындағы индикатор терминдер арқылы пайдалы қазбалардың түрлерінің кездесетінін байқаймыз. *Көкжарлыаша, Көксай, Көктөбе* атауларындағы «көк» термині мыс тотығының түсіне байланысты қойылған деп топшылауға болады.

Топонимикалық деректер минералды-шикізат ресурстарын зерттеуде тек алғашқы белгі ретінде қызмет атқаратынын ерекше атап кету орынды. Мұндай топонимдер минералды-шикізат қорларына баға бере алмайды, бірақ келешектегі геологиялық зерттеулердің нысаны ретінде есептеледі. Пайдалы қазбалардың жергілікті топонимдерде бейнелеуінде, тарихи-археологиялық геологиялық негіздеме бар. Кен орындарының геологиялық қорын анықтап, басқа да кен орындарын ашуға мүмкіндік туғызады. Кен қазба, байлықтарға байланысты топонимдер географиялық атауларды маңызды сипаттармен толықтырып, геологтарға кен көздерін ашу кезеңдерінде қажетті дәрежеде мағлұмат бере алады.

Географиялық зерттеулердегі экологиялық топонимикалық бағыты.

«Экологиялық топонимика» түсінігі ғылыми әдебиеттерде 1993 жылы алғаш рет қолданылды [1, 126б.]. Оның негізгі міндеті антропогендік әсерге ұшыраған өсімдіктер мен жануарлар дүниесін, олардың таралуы ареалын қалпына келтіру үшін, экологиялық факторлардың адамдардың қоныстануы мен жаңа ландшафттық, әлеуметтік-географиялық ортаға бейімделуіне әсерін анықтау үшін топонимикалық мәліметтерді зерттеу болып табылады. Аталған бағыттағы зерттеулер Е.Л. Любимова, Э.М. Мурзаев, В.С. Жекулин, Х.Л. Ханмагомедов, С.З. Махачева, А.Н. Гебекова, Г.И. Хорнаули, А.А. Сейбутис, К.Д. Каймулдинова, К.Т. Сапаров, Ә.Е. Аяпбекованың, А.Е. Егінбаеваның еңбектерінде көрініс тапқан.

Е.Л. Любимова және Э.М. Мурзаев 1960 ж. бірінші жартысында Орыс жазығындағы ортағасырларда кеңінен таралған емен және қызылқайың ағаштарының бұрынғы таралу ареалдарын анықтап, карта жүзінде дәлелдеген. Шетелдік зерттеушілер Артур Соуса и Пабло Гарсиа-Мурильо Доньяна табиғи саябағындағы (Испания) ландшафттың өзгерісін анықтауда топонимдерді индикатор ретінде пайдаланып зерттеулер жүргізген [6, 391-405бб.]. Қазақстанның аридті аудандарында шоғырланған, қазіргі ландшафтқа сәйкес келмейтін атауларды К.Д. Каймулдинова өз зерттеулерінде бірнеше топқа ажыратып, талдау жүргізді:

қазіргі өсімдік зонасына тән емес фитонимдер, атауы қазіргі сипатқа келмейтін гидронимдер, қазіргі ландшафтқа тән емес атаулар [4, 218б.]. Біздің зерттеулерімізде табиғатты қорғау мен ландшафттарды қалпына келтірудегі фитотопонимдер мен зоотопонимдердің рөлін анықтауда Қазақстанның солтүстік-шығыс, шығыс өңірлері мысалында зерттеулер жүргізіліп, олардың бұрынғы ареалдары жөнінде карта жүзінде дәлелденді [7, 232-254бб.].

Аумақтарда кездесетін фитонимдерге талдау барысында реликті маңызы бар *арша*, *қарағай*, *қандыағаш*, *шаған*, *қызылқайың* атаулары осы ағаштардың бұрынғы ареалдарын анықтауға мол мүмкіндік береді. Аталған ағаш түрлері негізінде *Аршабұлақ* (қыст., Мұғ. ауд.), *Қарағай* (сай, төбе, құрғ.өзен – Әйт. би ауд., төбе, Шалқ. ауд., қоныс, Мәртөк ауд.), *Қандыағаш* (құрғ.өзен – Темір ауд.,ст., қала – Мұғ. ауд.), *Орта Қандыағаш* (қыст., Темір ауд.), *Қызылқайың* (төбе, өзен – Хромт. ауд.), *Шаған* (төбе 2рет – Байғ. ауд.), *Жалғаншаған* (өзен, Байғ. ауд.), *Басшаған* (құд., қоныс – Шалқ. ауд.).

Табиғи ландшафттар үнемі антропогендік әсерге ұшырап отырады және шаруашылықты игеру нәтижесінде табиғи кешендердің жекелеген компоненттері өзгереді немесе жойылады да, қарқынды шаруашылық әсері бар бөліктер (егістік, бау-бақшалар, жайылымдар) т.б. пайда болады. Топонимдер экологиялық-географиялық салдарды, өзгерістерді анықтай отырып, қоршаған ортаға түскен антропогендік ықпалды зерттеуде мол мүмкіндіктер береді.

Табиғаттың қолайсыз құбылыстарын болжаудағы топонимикалық бағыты.

Табиғат құбылыстары (метеорологиялық, гидрологиялық, геоморфологиялық және т.б.) қарқындылығы мен ұзақтығына қарай ауыл шаруашылығына, жол құрылыстарына нұқсан келтіріп, адам өміріне қауіп төндіруі мүмкін. Мұндай құбылыстарды зерттеу және болжау мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдер, солардың қатарында топонимикалық әдіс пайдаланылады. Топонимикалық болжам жасаудың міндеті географиялық атауларда кездесетін апаттық табиғи құбылыстардың табиғи әлеуетімен өзара байланыстылығын зерттеу болып табылады.

Қолайсыз құбылыстардың арасында топонимикалық мәліметтер арқылы өзеннің тасуы, сел тасқындары, қар көшкіні, т.б. анықтауға болады. Ақтөбе облысы аумағында шаңды дауылдардың, аңызқ желдердің жиі болуын *Желдісай* (сай, Әйт. би ауд.), *Желқұм* (төбе, Шалқ. ауд.), *Желөткен* (қоныс, Алға ауд.), *Қарашаңдақ* (сай, қыст., Мұғ. ауд.), *Шаңды* (төбе, *Қобда ауд.*), *Шаңды* (төбе., Шалқ. ауд.), *Шаңды* (ауыл, Байғ. ауд.) т.б. анемоним және метеоним атауларынан аңғаруға болады.

Топонимиканың картографиялық геоақпараттық бағыты. Ландшафттық-топонимикалық карталарды құрастыру кезінде геоақпараттық картографиялық әдісі кеңінен қолданылады. Нәтижесінде әртүрлі масштабтағы топографиялық, геологиялық, гидрологиялық, геоморфологиялық, топырақ, өсімдіктер, жануарлар дүниесінің карталары, сызбалар, GPS аппаратының көмегімен жүргізілген далалық бақылаулар нәтижелері және тарихи-мұрағаттық, көне картографиялық деректер пайдаланылады. Географиялық карталарда көптеген мәліметтер бар, яғни өткен тарихтан мол ақпараттар алуға және топонимдердің жазылуы, орналасқан жерін анықтауға мүмкіндік туындайды. Географиялық атауларды зерттеуге картографиялық әдістің дендеп енуі қалай болса солай жүрмей, бірізді болу үшін, Е.М. Поспелов 1971 жылы «*Топонимика және картография*» атты еңбегін жазды. Мұнда жер-су аттарын зерттеуде *картографиялық әдістің* алатын орнын көрсетіп, оның топонимикамен ажырамас бірлікте болатынын дәлелдеп берді [8, 144б.]. Ал топонимикалық картография бойынша арнайы жазылған әдебиеттер, зерттеу жұмыстары аз кездеседі. Қазақстан топонимиясында К.Д. Каймулдинова, Қ.Т. Сапаровтың докторлық еңбектерінде, А.С. Омарбекова, Ә.Е. Аяпбекова, А.О. Мақанованың кандидаттық жұмыстарында ішінара картографиялық әдіс қолданылған деуге болады. Оның үстіне аталмыш диссертациялар географиялық тұрғыдан қарастырылған. Қазақ топонимдік бірліктерінде қоршаған ортаның физикалық-географиялық қасиетін анықтайтын ландшафт ерекшелігіне, шаруашылығына, экологияға қатысты топонимдердің астарлары әрбір облыс бойынша зерттелуі қазіргі таңда өзекті болып табылады.

Қорыта келгенде, қазақтың географиялық атаулары Қазақстанның кең байтақ территориясының ерекшеліктерін (жер бедері, гидрография, жануарлар әлемі, климат, өсімдіктер мен топырақтар) бейнелеп қана қоймай, таң қаларлық дәлдікпен олардың өте ұсақ бөліктерін, ал кейде геологиялық құрылымдар мен пайдалы қазбалардың кездесетінін көрсетеді. Жергілікті топонимдердің маңызды ерекшеліктері болып олардың пайдалы қазба кен орындары туралы ақпараттар беруі және кен орындарын іздеудегі рөлі болып табылады. Геологиялық және басқа да карталардағы топонимдерінің өзгертіліп жазылуына жол бермеу керек. Себебі, олар ғылымда үлкен маңызы бар топонимдердің жойылып кетуіне әкеліп соғады. Керісінше, Қазақстан территориясы үшін топографиялық, геологиялық, геоморфологиялық, гидрогеологиялық және басқа да карталарды құрастыру үшін жергілікті географиялық атауларды толық және дәл анықтау жұмыстарын нақты деректер арқылы жүргізу қажет деп білеміз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Х.Л. Ханмагомедов. Географические направления прикладной топонимики // Вестник Удмурдского университета. – № 3. 2011. – С. 125-128
2. Бакенов М.М. Топонимику - на службу геологии // Вестник АН КазССР, 1968. – № 8. – С. 25-29.
3. В.В. Ткачев, Д.А. Байтлеу, А.М. Юминов. Некоторые итоги исследования Мугалжарского горно-металлургического центра эпохи поздней бронзы. Источник: <http://e-history.kz/ru/contents/view/5152>. Дата обр. 04.03.2018
4. Каймулдинова К. Д. Қазақстандағы физикалық-географиялық нысандардың номинациялануының ғылыми негіздері. Географ.ғыл.докт. ... диссерт. – Алматы, 2010.
5. Мурзаев Э. М. Словарь народных географических терминов. М. 1984.
6. Arturo Sousa and Pablo Garc'ia-Murillo. Can place names be used as indicators of landscape changes? Application to the Doñana Natural Park (Spain) // Landscape Ecology 16: 391–406, 2001. © 2001 Kluwer Academic Publishers. Printed in the Netherlands.
7. Сапаров Қ.Т. Қазақстан топонимдерінің қалыптасуы мен дамуының географиялық негіздері (шығыс, солтүстік-шығыс өңірлері мысалында). Географ.ғыл.докт. ... диссерт. – Алматы, 2010.
8. Қ.Т. Сапаров, А.Е. Егинбаева, Д.М. Кунбасова. Геоақпараттық картографиялау әдісінің топонимиялық зерттеулердегі рөлі. //Гидрометеорология және экология. №2. Алматы, 2015. – 140-149бб.

УДК 556.5

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АУМАҒЫНДАҒЫ ЖЕР БЕТІ СУЛАРЫНЫҢ САПАСЫН БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ҚОРҒАУ

Амангелді А.

gidrology3@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Физикалық және экономикалық география кафедрасының
оқытушысы, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ұ.Т. Әбдіжаппар

Солтүстік Қазақстан облысы – Қазақстанның солтүстігінде орналасып, (Сары-Арқа) Қазақтың ұсақ үстүртінің бір бөлігін және Батыс Сібір ойпатының қиыр оңтүстігін алып жатыр. Есіл өзенінің оң жағалауында орналасқан [1].

Солтүстік Қазақстан облысының аумағында жер үсті суларының ластануына бақылау Есіл өзенінде және Сергеевское су қоймасында жүргізілді. Солтүстік Қазақстан облысының